

"2021-2023 жылдарға арналған Алға ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №546 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 27 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 наурызда № 8204 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Алға ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 546 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7968 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Алға ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 62943 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2316 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 60627 мың теңге;

2) шығындар – 63832 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -889 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 889 мың теңге."

2-тармақ жаңа мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) әкім аппараты қызметін қамтамасыз ету шығындарына 200 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының төрағасы

А. ОРЫМБАЕВ

Қазалы ауданының мәслихат хатшысы

Б. ЖАРЫЛҚАП

Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 27 шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы "25" желтоқсандағы № 546 шешіміне 1-қосымша

2021 жылға арналған Алға ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың тенге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	62943
1			Салықтық түсімдер	2316
	04		Меншікке салынатын салықтар	2316
		1	Мүлікке салынатын салықтар	21
		3	Жер салығы	169
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2126
4			Трансферттердің түсімдері	60627
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	60627
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	60627
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

			Атауы	
			2. Шығындар	63832
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	23354
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	23354
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22667
		022	Мемлекеттік мекемненің күрделі шығыстары	687
7			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	22517
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	22517
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	20500
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	525
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1492
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	17961
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	17961
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	17961
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0

			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатыпалу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-889
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(889
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	889
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	889
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	889